

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.*
*ISSN: 2616-6844. eISSN: 2663-1318*

**ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ/ LAW SERIES/ СЕРИЯ ПРАВО**

ХҒТАР 10.87.27
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-148-3-31-54
ПРОТОКОЛ /PROTOCOL

# Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз ету және қорғау мәселесі

**Ә.К. Досанова[1], Ж.Т. Искакова[2]**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*(E-mail: [1]aigerimdossanova8@gmail.com, [2]ziskakova@list.ru)*

RETRACTED ARTICLE

**Аңдатпа:** Мақалада Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтарды қорғау саласындағы негізгі мәселелер қарастырылды. Зерттеу барысында Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз ету мәселесінің тарихи дамуы мен бүгінгі таңдағы жағдайы қарастырылды. Зерттеу барысында, Біріккен Ұлттар Ұйымының шарттық органдарының шешімдері және зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттер зерттелінді. Зерттеу барысында, зерттеу тақырыбы аясында Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы зерделенді. Зерттеу нәтижесінде, Орталық Азия мемлекеттерінде келесі азаматтық және саяси құқықтар мен бостандықтардың елеулі бұзылуы орын алатындығы анықталды: сөз бостандығы, жиналыстар мен қауымдастықтар бостандығы, ар-ождан және дін бостандығы, әділ сот ісін жүргізу құқығы және азаптауларға және басқа қатыгез іс-әрекеттер мен жаза түрлеріне ұшырамау құқығы. Зерттеу нәтижесінде, Орталық Азия мемлекеттерінде сөз бостандығы және азаптау немесе басқа қатыгез жаза түрлеріне ұшырамау құқығын қорғау мен қамтамсыз ету мақсатында, ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізу және азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз етудің жаңа тетіктерін қалыптастыру мәселесін қарастыру туралы тұжырым ұсынылды.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия, өмір сүру құқығы, сөз бостандығы, дін бостандығы, жиналыстар өткізу құқығы.

**Түсті: 15.05.2023 Мақұлданды: 18.07.2024 Онлайн қолжетімді: 30.09.2024**

**Кіріспе**

1976 жылғы 23 наурызда күшіне енген 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт азаматтық және саяси құқықтарды қорғауды [1] қамтамасыз етуге бағытталған, соның ішінде: өмір сүру құқығы, азаптауға немесе басқа да қатыгездік пен жазалауға ұшырамау құқығы, жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы, бас бостандығынан айрылған адамдардың адамгершілікті көзқарасқа және қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы, жүріс-тұрыс бостандығы, әділ сот құқығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы, дін бостандығы, сөз бостандығы, жиналыстар мен қауымдастықтар құру бостандығы, өз елін басқаруға қатысу құқығы, заң алдындағы теңдік құқығы және т.б. Аталған Пактінің 2-бабының 1 тармағына сәйкес, «Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде танылған құқықтарды еш алаламай құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді» [2].

Дегенмен, Орталық Азия мемлекеттерінде жоғарыда аталған құқықтарды қамтамасыз ету мен қорғаудың кейбір мәселелері бар. Атап айтқанда, бұл мемлекеттердегі басты мәселелердің бірі – сөз бостандығы мен баспасөз бостандығын құрметтемеу және қамтамасыз ету болып табылады. Орталық Азия мемлекеттері үкіметтерінің ақпаратқа қол жеткізуді шектеуін, цензура орнатуын, үкіметке қарсы журналистер мен белсенділер жиі қудаланатынын және қамауға алынатынын байқауға болады. Әр адамның тегін және сенімді ақпаратқа қол жеткізу құқығын қорғайтын Reporters Without Borders халықаралық коммерциялық емес ұйымының 2022 жылдың Дүниежүзілік баспасөз бостандығы индексіне сәйкес, Орталық Азия мемлекеттері баспасөз бостандығы бойынша әлемдегі төмен рейтингі бар мемлекеттер қатарына кіреді (Қырғыз Республикасы – 72 орын, Қазақстан Республикасы – 122 орын, Өзбекстан Республикасы – 133 орын, Тәжікстан Республикасы – 152 орын, Түрікменстан – 177 орын) [3]. Мемлекеттерді бағалау үшін 2022 жылы жаңа әдістеме енгізілді, оған сәйкес, баспасөз бостандығы журналистер үшін де, жеке тұлғалар үшін де, топтар үшін де саяси, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік араласуларға қарамастан және олардың физикалық және психикалық қауіпсіздігіне қауіп төндірмей, жаңалықтар мен ақпаратты қоғамдық мүдделер үшін іріктеудің, өндірудің және таратудың тиімді мүмкіндігі ретінде анықталады [4]. Журналистерге физикалық және психикалық қауіп төндірудің мысалдары ретінде 2022 жылғы қыркүйектен бастап 2023 жылғы 20 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Алматы мен Астана қаласындағы 6 журналист және блогерге қатысты бірқатар құқыққа қайшы әрекеттер жасалғанын атап өтуге болады [5]. Атап айтқанда, 2023 жылдың 5 ақпанында белгісіз адам тәуелсіз журналист Динара Егеубаеваның ұлы Ади Аргингазинға шабуыл жасады [6]. Саяси белсенділік танытатын және депутаттыққа үміткер Егеубаева журналистерге оның ұлына шабуылы оның Instagram және YouTube-тегі саяси қызметі мен журналистік жазбаларына байланысты орын алды деген пікірін атап өтті. Сонымен қатар, оның Instagram парақшасында жалпы саны 94 000 жазылушысы бар екенін, және ол 2022 жылдың қаңтарындағы Қазақстан Республикасында орын алған жаппай наразылық кезіндегі құқық бұзушылықтар туралы жариялағанын мәлімдеді [7]. Егеубаева 2023 жылдың 13 қаңтарында оның көлігі өртеніп кеткен кезде шабуыл нысанасына айналды,

RETRACTED ARTICLE

бұған дейін оның көлігі бұзылып, бомбамен қорқытылғанын хабарлады [8]. 2023 жылғы 6 ақпанда Алматы полиция департаментінің баспасөз қызметі журналист Динара Егеубаеваның ұлына қарулы шабуыл туралы іс басталғанын мәлімдеді [9].

Тағы бір мәселе – азаптау және басқа да қатыгездік көрсету мен жазалау болып табылады. Құқық қорғау ұйымдары аймақтағы қамау орталықтары мен түрмелерде азаптау және адамгершілікке жатпайтын істер туралы хабарлады. Қамаудағы адамдардың кінәні мойындау немесе ақпарат алу, олардың саяси сенімдері немесе этникалық белгілері үшін азаптау және басқа қатігездік пен жазалауға ұшырауы орын алады. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасында «Эл хызметинде» атты газетінің бас редакторы болған заңгер Дәулетмурат Таджимуратовқа қатысты азаптау және басқа да қатыгездік көрсетілуі. Таджимуратов Бұхара облыстық сотының 2022 жылдың 31 қаңтарындағы үкіміне сәйкес, Қарақалпақстан астанасы Нукуста 2022 жылдың шілде айының басында болған жаппай наразылықтарға қатысқаны үшін конституциялық құрылысты бұзу бойынша айыпталды, және оған 16 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды [10]. 2022 жылдың 1 желтоқсанында Таджимуратов 2022 жылдың 1 шілдесінде алғашқы ұсталғаннан кейін, содан кейін 2022 жылдың 4 шілдесінде қайтадан ұсталғаннан кейін оны құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұрып-соққанын, оның ішінде электрошокер қолданғанын мәлімдеді [11]. Сонымен қатар, Таджимуратовтың адвокаты Сергей Майоров 2022 жылдың 6 сәуірінде үкім әлі күшіне енбегеніне қарамастан, Таджимуратовтың күштеп шашы алынғанын хабарлады [12].

Сонымен қатар, этникалық және діни азшылықтарды кемсіту Орталық Азияда кең таралған мәселе болып табылады. Этникалық және діни азшылықтарды кемсіту әр түрлі формада орын алады, соның ішінде тіл мен мәдени тәжірибеге шектеулер, білім мен жұмысқа қол жетімділікке шектеулер, зорлық-зомбылық пен қысым көрсету.

Орталық Азиядағы азаматтық және саяси құқықтарды бұзу мәселесі кешенді шешімдерді талап ететін күрделі және көп қырлы мәселе болып табылатынын атап өткен жөн. Осы мақсатта Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз ету және қорғауды жетілдіру үшін аталған құқықтарды қамтамасыз ету және қорғау мәселесін зерделеу орынды.

RETRACTED ARTICLE

**Зерттеу әдістері**

Мақаланың әдіснамалық негізін білімнің жалпы ғылыми әдістері және жеке ғылыми әдістері құрады, оның ішінде, диалектикалық, формальды-логикалық және салыстырмалы-құқықтық.

**Талқылау**

Орталық Азиядағы азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз ету және қорғау бірнеше жылдар бойы орын алып жатқан мәселе болып табылады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасындағы қуғын-сүргін 2011 жылғы желтоқсанда Жаңаөзенде құқық қорғау органдары мұнайшы жұмысшылар және басқаларға оқ жаудырып, 14 адамды

өлтірген оқиғалардан кейін орын алды [13]. 2012 жылы Желтоқсан айындағы оқиғаларға дейін Маңғыстау облысындағы ереуілдерді жариялаған азаматтық белсенділер мен журналистерді қудалау орын алды. Ондаған адам ереуілдер мен зорлық-зомбылықтағы «болжамды» рөлі үшін сотталды, оның ішінде «Алға!» тіркелмеген партиясының жетекшісі Владимир Козлов жеті жарым жылға бас бостандығынан айырылды [14]. Желтоқсан айында Алматы қаласының соттары Қазақстан Республикасында «Алға!» партиясының қызметіне тыйым салып, негізгі тәуелсіз БАҚ-ты «экстремистік» деп жарияланды [15].

Қырғыз Республикасында 2010 жылдың маусымында, республиканың оңтүстігіндегі Ош қаласындағы этносаралық қақтығыстар өзбек мен қырғыздардың арасындағы бұрыннан келе жатқан қайшылықтардың революциялық жағдайдан туындаған саяси вакуумның пайда болуымен байланысты орын алды, және шамамен 2000 адамның қаза табуына әкелді [16].

Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз ету мен қорғау бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады. 2022 жылдың 26-28 қазан аралығындағы өткен Еуропа Кеңесінің Президенті Чарльз Мишельдің Қазақстан Респбликасы мен Өзбекстан Республикасына сапары өткізілгенге дейін төрт үкіметтік емес ұйым, атап айтқанда, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық серіктестік (IPHR), Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы (АҚмЗСЖҚХБ), «Орталық Азиядағы адам құқықтары» қауымдастығы (AHRCA), Адам құқықтары жөніндегі түрікмен бастамасы (ТИПЧ) біріккен хат ұсынды [17].

Біріккен хатта: «Адам құқықтарын Еуропалық Одақтың (бұдан әрі - ЕО) Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасының маңызды элементі ретінде айқындайтын атап өтті. Заңның үстемдігін, адам құқықтарының есептілігі мен құрметтелуін нығайту өңірдегі орнықты дамудың негізгі шарты болып табылатынын мойындайтын ЕО-тың Орталық Азия үшін стратегиясына сәйкес, Орталық Азия елдерінің көшбасшыларымен талқылау барысында, адам құқықтары жөніндегі өзекті мәселелерді белсенді көтеруге шақырды. 2022 жылы орын алған ірі құқық бұзушылықтарға байланысты хабарланған адам құқықтарының елеулі бұзылуын тергеу бойынша жедел, бейтарап және тиімді шаралар қабылдау қажеттілігін атап өтуді сұрады. Аталған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қамтамасыз етуді сұрады. Орталық Азия мемлекеттеріндегі өз пікірін білдіру, қауымдастықтар мен жиналыстар бостандығын заңды түрде жүзеге асыратын тұлғаларды қудалау тәжірибесін тоқтатуға шақыруды сұрады»[18]. Аталған хатқа қосымша ретінде Орталық Азия мемлекеттеріндегі Адам құқықтары саласындағы негізгі мәселелерді сипаттайтын қысқаша баяндама тіркелді [17]. Қысқаша баяндамаға сәйкес, Қазақстан Республикасындағы, Тәжікстан Республикасының Таулы-Бадахшан автономиялық облысындағы, Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстан Республикасындағы үкіметтің саясатына қарсы бейбіт жаппай наразылықтар қауіпсіздік күштері арасындағы қақтығыстарға ұласты; Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасының шекарасындағы, Қырғыз Республикасының Баткен облысындағы шекара қызметкерлерінің арасындағы шиеліністі қарулы қақтығысқа ұласты [19]. Қазақстандағы қаңтар наразылықтары кезінде 238

RETRACTED ARTICLE

адам, Таулы-Бадахшандағы «терроризмге қарсы операция» барысында 40-тан астам бейбіт тұрғын, Қарақалпақстан Республикасындағы наразылықтар барысында 18 адам қаза тапты және 250-ге жуық жараланды; тиісті елдердің билігі наразылықтар мен тәртіпсіздіктерді тоқтату үшін қатаң шаралар қабылдады, шамадан тыс күш қолдану, азаптау, іс жүргізу нормаларын бұзу және басқа да құқық бұзушылықтар орын алды [20]. Осыған байланысты, құқық бұзушылықтарды бейтарап және тиімді тергеуді және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етудің шұғыл қажеттілігі туындады.

Жоғарыда аталған адам құқықтарының бұзылуына байланысты, құқықтары бұзылған тұлғалар ішкі құқықтық қорғау құралдарына жүгінумен қатар халықаралық механизмдерді қолданып отырады. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) шарттық органдарына жеке шағымдарды жолдау орын алады. 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялаған мемлекет азаматтарының азаматтық және саяси құқықтардың бұзылуына байланысты БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетке шағым жолдауға құқығы бар [21]. 2021 жылдың басында Адам құқықтары жөніндегі комитетке 3600-ден астам шағым берілді [22]. Оның ішінде: Өзбекстан Республикасының азаматтарынан 114 шағым, Қазақстан Республикасының азаматтарынан 89 шағым, Қырғыз Республикасының азаматтарынан 67 шағым, Тәжікстан Республикасының азаматтарынан 36 шағым және Түрікменстан азаматтарынан 28 шағым жолданды [23]. Жеке шағымдар көбінесе жиналыс бостандығы, қауымдастықтар бостандығы, сөз бостандығы, жеке басының өміріне қол сұғылмаушылық құқығы, азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамау құқығының бұзылуына байланысты жіберіледі.

Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтарды қамтамасыз ету мен қорғау мәселесін ашу мақсатында, жоғарыда аталған БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Орталық Азия мемлекеттері азаматтарының шағымдары бойынша қабылдаған шешімдерімен танысу жөн. Осы мақалада Орталық Азия азаматтарының шағымдары бойынша келесі шешімдер талданды: Исмагулова және Таукина ісі (Қазақстан Республикасы) [24], Аскаров ісі (Қырғыз Республикасы) [25], Бобоев ісі (Тәжікстан Республикасы) [26], Назаров ісі (Түрікменстан) [27].

Исмагулова мен Таукинаның ісінде, Таукина Қазақстан билігі туралы сыни мақалалар жариялаған танымал журналист және құқық қорғаушы болды [28]. 2009 және 2011 жылдары Таукина «Правдивая газета» мерзімді басылымын тіркеу туралы өтініш білдірді, алайда ресми және процедуралық себептерге байланысты оған бірнеше рет бас тартылды [29]. 2013 жылғы 27 наурызда Исмагулованың атына «Правдивая газета» басылымы тіркелді және өзара келісім бойынша Таукинаға газетті басқару жөніндегі толық бақылауы мен өкілеттігі берілді. 2013 жылғы 23 сәуірде газеттің бірінші нөмірі шықты, және 24 сәуірде Алматы қаласы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 350-бабы газеттің шығу деректерінде шығу кезеңділігі туралы ақпараттың болмауы бойынша әкімшілік іс қозғады, және осыған байланысты Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық

RETRACTED ARTICLE

әкімшілік соты Исмагуловаға АЕК мөлшерінде айыппұл тағайындай отырып, газеттің алғашқы басылымы тәркіленді (ӘҚБтК-нің 456-бабының 1-бөлігіне сәйкес, алғашқы рет жасалған құқық бұзушылық үшін ескерту түрінде жаза қарастырылады) [30]. 2013 жылдың тамызында ӘҚБтК-нің 350-бабының 2-бөлігін бұзу, нақты таралымнан асып кеткен таралымды көрсету бойынша тағы бір әкімшілік іс қозғалып, Исмагуловаға газет қызметін үш айға тоқтата тұру түрінде жаза тағайындалды [31]. Авторлардың ісін қарау барысында Исмагуловаға отырыстардың өткізілетін орны мен уақыты туралы бірнеше рет хабарланбаған. Сонымен қатар, Исмагулова бірнеше рет Алматы қаласының прокуратурасына және ҚР Бас прокуратурасына қадағалау тәртібімен қабылданған шешімдерді қайта қарау және автордың әділ сот талқылауына құқығын бұзу жөнінде өтініш білдірді. 2013 жылғы қарашада ӘҚБтК-нің 342-бабы (шығарылымды тоқтата тұру туралы шешім шығарғаннан кейін БАҚ өнімдерін тарату) және ӘҚБтК-нің 350-бабының 2-бөлігі бойынша авторға қатысты екі әкімшілік іс қозғалып, авторға 50 АЕК мөлшерінде айыппұл тағайындалды, газеттің таралымы тәркіленді [32]. Авторлар 342-баптың бұзылуы баспаханадағы техникалық ақаулыққа байланысты болды және іс жүзінде басылым газеттің шығуын тоқтата тұрудың үш айлық мерзімі аяқталғаннан кейін шығарылды деп мәлімдеді [29]. 2014 жылдың қаңтар айында Алматы қаласының Бостандық ауданының прокурорымен авторлар шығарылымды тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды жоймағанына, және қызметін тоқтата тұру туралы шешімге қарамастан газеттің шығуын жалғастыруна байланысты азаматтық іс қозғалды. Алматы қаласының Бостандық аудандық сотымен газетті шығаруды тоқтату туралы шешім қабылданды [33]. Авторлармен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 3 тармағының b), d), e) тармақшалары мен 19-бабы бойынша, тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде, қорғау шараларына дайындық жүргізу мен өзі таңдап алған қорғаушымен жүздесіп-тілдесу, өз қатысуымен сотталу, өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алыну/ осы куәлардан жауап алуды талап ету, өз куәларын шақырту кепілдіктерін қолдану құқығы және өз пікірін еркін білдіру құқығының бұзылуы туралы шағым берілді [29].

Қазақстан Республикасы авторлардың шағымына байланысты келесі уәждер келтірді: авторлар барлық ішкі құқықтық қорғау құралдарын таусылған жоқ (Бас прокурор, Жоғарғы сотқа наразылық білдіргеннен кейін әкімшілік істер бойынша шешімдерді қадағалау тәртібімен қайта қарау мүмкіндігі қолданылмады); авторлардың сөз бостандығына құқығы әкімшілік жазалардың саяси себептері бойынша тағайындалған емес, заңнама негізінде тағайындалуына байланысты бұзылған жоқ; шағымда Исмагуловаға қатысты қолданылған жаза Таукинаның құқығын қалай бұзғаны туралы толық дәлелдер келтірілмеген.

Тараптардың уәждері мен ескертулерін зерттей отырып, Адам құқықтары жөніндегі комитет келесі пікірге келді: Қазақстан Республикасының іс-әрекеттері Таукинаның жеке құқықтарына әсер етті, Комитет Таукинаның «Правдивая газетаға» қатысты әкімшілік және сот процестері Таукинаның іс жүзінде газеттің басшысы, бас редакторы және иесі болғанына байланысты оның сөз бостандығын шектеуге бағытталғаны туралы тұжырымын қабылдады; айыппұл салу, газеттің таралымын тәркілеу, газеттің

RETRACTED ARTICLE

шығарылуын тоқтату туралы шешімдер Пактінің 19-бабының 3 тармағына сәйкес, ақпарат пен идеяларды баспасөз түрінде тарату құқығын шектеу болып табылады; сот отырыстарын өткізу орны мен уақыты туралы хабарлама Исмагулованың тұрғылықты мекен-жайы бойынша, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген мекен-жайы бойынша, «Правдивая газета» немесе оның адвокаты мекен-жайы бойынша жіберілмегеніне байланысты Исмагулованың Пактінің 14-бабының 3 тармағының d)-тармақшасына сәйкес, әділ сот ісін жүргізу құқығы, оның ішінде өз қатысуымен сотталуға құқығы бұзылды [29].

Тәжікстан Республикасының азаматы Бобоевтың ісі бойынша, Д. Бобоев өз атынан және марқұм ұлының атынан Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 2-бабының 3 тармағымен бірге 6-бабының 1 тармағы мен 7-бабы бойынша; өзінің атынан 2 тармақтың 3 тармақшасымен бірге 7-бабы бойынша өмір сүру және азапталмауға құқықтарының бұзылуына байланысты шағым берді [34]. Автордың ұлы бірнеше жыл Ресей Федерациясында тұрып, осы елдің азаматтығын алды. Автордың ұлы ата-анасына барып, оларда қонақта болған қызын алып кетуге келді. 2010 жылдың 19 ақпанында автордың ұлы «Исламское движение Туркестана» атты экстремистік ұйымына мүше болды деген күдікпен ұсталды [35]. Оның достары оған қоңырау шалып, оған құқық қорғау органдарының қызметкері жауап беріп, И. Бобоев басқа қалаға жеткізілгенін хабарлады. Сол күні автор екі қаланың полиция бөлімдеріне хабарласты, бірақ ұлының орналасқан жері туралы ешқандай ақпарат ала алмады. 2010 жылдың 20 ақпанында авторға ұлының қайтыс болғаны туралы хабарлады [36]. И. Бобоевтың қайтыс болу фактісі бойынша қылмыстық іс 5 ақпанда Бобоевты ұстаған Ф. Ш. және М. А. құқық қорғау органдарының екі қызметкеріне қатысты қозғалды [37]. Наурызда алғашқы сот-медициналық сараптаманың нәтижелері алынды; оған сәйкес қайтыс болу себебі тілдің батуына байланысты механикалық асфиксия ретінде анықталды [34]. Автордың қайта аутопсия жасауды талап еткеннен кейін, сот-медициналық сараптама қайтыс болу себебі электр жарақатынан туындаған жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жеткіліксіздігі болуы мүмкін екендігін көрсетті [34]. 2010 жылдың маусымында іс екі күдіктінің ауруына байланысты тоқтатылды. Автор алдын ала тергеу барысында қылмыстық іс материалдарымен танысуды шектейтін Қылмыстық іс жүргізу кодексінің ережесін, Тәжікстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкестігін айқындау туралы өтініш берді [34]. Дегенмен, 2012 жылдың 15 мамырында Конституциялық сот автордың өтінішін қанағаттандырудан бас тартты [34]. Автор И. Бобоевтың оны ұстаған екі қызметкермен азапталуына, Тәжікстан Республикасының органдары жүргізген тиісті тергеу жүргізілмегеніне және автордың екі жыл бойы ұлына не болғанын білмегенінен туындаған психологиялық күйзеліске байланысты, И. Бобоевтың өмір сүру құқығы мен азапталмау құқығы және автордың азапталмау құқығы бұзылғаны бойынша шағым берді [34]. Тараптардың уәждері мен пікірлерін зерделей отырып, Комитет келесі пікірге келді: И. Бобоевтың қайтыс болуынан 7 жыл өткеніне байланысты ішкі құқықтық қорғау құралдарын қолдану негізсіз кешіктірілді; Тәжікстан Республикасымен жедел және тиімді тергеу жүргізілген жоқ. Осыған байланысты Тәжікстан Республикасы Бобаевтың азаптауы мен өлімі бойынша жедел және бейтарап тергеу жүргізу және кінәлілерді

RETRACTED ARTICLE

жауапқа тартуға және жазалауға; авторды тергеу барысы туралы үнемі хабардар етуге; авторға ұлының қайтыс болғаны, ұлына азаптау қолданылғаны және өзіне келтірілген азабы үшін өтемақы беру бойынша тиісті шаралар қабылдауға міндеттелінді [34].

Қырғыз Республикасындағы Аскаровтың ісі бойынша, 2010 жылдың 12 маусымында Қырғызстанның оңтүстігіндегі этникалық қақтығыстар Базар-Коргон ауылының тұрғындарын (олардың көпшілігі этникалық өзбектер) шабуыл орын алған кезде өз ауылдарын қорғау үшін көпірге жиналуға мәжбүр етті [38]. 2010 жылдың 13 маусымында полиция қызметкерлері жиналысты тарату үшін келіп, зорлық-зомбылық басталды және бір полиция қызметкері қаза тапты [39]. Сол күні этникалық зорлық-зомбылық Базар-Коргон ауданына таралып, 20 адам қаза тауып, 200-ден астам үй қиратылды [38]. Полиция қызметкері қаза тапқан кезде Аскаров көпірде болған жоқ. 2010 жылдың 15 маусымында Аскаров зорлық-зомбылықтан туындаған залал мен қайтыс болған адам санын құжаттаған кезде, полиция қызметкерлері оны қайтыс болған қызметкер жұмыс істеген Базар-Коргон полиция бөліміне апарды [38]. Полиция қызметкерлері алдымен Аскаровты өзбек қауымдастығының басқа көрнекті өкілдеріне қару-жарақ таратқаны туралы айғақ беруге көндіруге тырысты, және ол бұл туралы ештеңе білмейтінін айтқан кезде оны ұра бастады [38]. Аскаровты полиция қызметкерінің өліміне қатысы бар деп айыптады, және келесі төрт күн ішінде оны бірнеше рет полиция қызметкерлері ұрып-соғып, қорлады. Аскаров ұсталғаннан кейін бір апта қорғаушысымен жүздесіп-тілдесе алмады. Полиция мен прокурор Аскаровқа адвокатпен оңаша кездесу мүмкіндігін беруден бас тартты, және оның адвокатына қатысты қайтыс болған полиция қызметкерінің туыстарымен шабуыл жасалды. Бұл шабуылдар сот процесі кезінде жалғасты, онда Аскаров пен басқа айыпталушылар тыңдаулар арасында полиция тарапынан ұрып-соғылды, ал қаза тапқан қызметкердің жақтастары айыпталушыларды және олардың адвокаттарын этникалық белгілер бойынша қорлады. Сот процесінен кейін Аскаров барлық айыптар бойынша кінәлі деп танылып, 2010 жылдың 15 қыркүйегінде оған өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды [40]. Аскаровтың адвокаты үкімге қатысты шағым бергеніне қарамастан, жоғарыда аталған бұзушылықтар оның апелляциялық шағымын тыңдауға кедергі келтірді. Қайтыс болған қызметкердің жақтастарының қоқан-лоққылары мен шабуылдары куәгерлерден жауап алуға тағы да жол бермеді, және сот айыптау үкімін күшінде қалдырды. Ол қайтадан Қырғыз Республикасының Жоғарғы сотына шағым түсірді, және оның адвокатына куәгерлердің жазбаша айғақтарын алуға рұқсат етілгенімен, сот оларды елемеді [38]. 2011 жылдың желтоқсанында Қырғыз Республикасының Жоғарғы соты өмір бойына бас бостандығынан айыру туралы үкімді күшінде қалдырды. Аскаровқа медициналық көмек көрсету бойынша өтініштері бас тартылды [38]. 2016 жылғы 31 наурызда қабылданған шешімінде, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті Аскаровтың еріксіз ұсталғанын, адамгершілікке жатпайтын жағдайда ұсталғанын, азапталғанын, және оның қорғанысын сотта тиісті түрде дайындауға мүмкіндік берілмегенін анықтады [38]. Аскаров қамауда болған кезде, оның этникалық тегіне байланысты кемсіту орын алды, сондай-ақ Аскаровтың орын алған құқық бұзушылықтар туралы хабарлағанына байланысты полиция қызметкерлері Аскаровты бірнеше рет ұрып-

RETRACTED ARTICLE

соқты [41]. Мұндай қатыгездік Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінінің 7-бабын бұза отырып, азаптауға тең келеді [1]. Үкімет Аскаровтың бірнеше рет азапталуына қарамастан, бейтарап, тиімді және жете тергеу жүргізбеді, оған өтемақы мен медициналық көмек көрсетпеді. Аскаровтың ұсталуы Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес құқық бұзушылық болып табылады. Себебі ұсталу уақтылы тіркелмеген, ұсталынған тұлғаның отбасы мүшелері хабардар етілмеген және ол тиісті түрмеге ауыстырылмаған. Комитет Аскаровқа қатысты Қырғыз Республикасымен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің келесі баптары бұзылды деген қорытындыға келді: 7-бап (азаптауға тыйым салу); 2-баптың 3 тармағы (тез және тиімді тергеу жүргізе алмау); 9-баптың 1 тармағы (еріксіз қамауда ұстауға тыйым салу); 10-баптың 1 тармағы (адамгершілікке жатпайтын қамауда ұстау шарттары); 14-баптың 3 тармағының b) және e) тармақшалары (қорғауды тиісті түрде дайындау және өзі таңдаған адвокатпен жүздесіп-тілдесу) [42]. Бұл шешімде Қырғыз Республикасы Аскаровқа толық өтемақы төлеуге, оның ішінде оны дереу босатуға міндеттелінді [43]. Комитет Қырғыз Республикасын Аскаровты босатуға және оның үкімін жоюға міндеттеді. Алайда, Қырғыз Республикасында екінші сот ісі жүргізіліп, Аскаровқа азаптау салдарына және басқа да ауыр ауруларға байланысты медициналық көмек көрсетуден бас тартылды. Кейін, Аскаров 2020 жылдың 25 шілдесінде түрмеде қайтыс болды [44].

Түрікменстанның Назаров ісі бойынша, Назаров (бірінші автор), Шарипов (екінші автор) және Субханов (үшінші автор) Иегова куәгерлері болып табылады. 2012 жылдың көктемінде Назаров әскери қызметке шақыру қағазымен шақырылды [45]. Ол әскери комиссариат қызметкерлеріне Иегованың куәгері болғандықтан, оның діни сенімдері оған әскери қызмет атқаруға мүмкіндік бермейтінін ауызша және жазбаша түрде түсіндірді [45]. Сонымен қатар, ол денсаулығына байланысты әскери қызметке жарамсыздығы туралы медициналық қорытынды ұсынды. Оның мәлімдемелері еленбеді және оған Түрікменстан Қылмыстық кодексінің 219-бабының 1-бөлігіне сәйкес, әскери қызметке шақырудан жалтару бойынша айып тағылды [46]. Үкім шыққаннан кейін, Назаровтың анасы апелляциялық шағым беру үшін судья мен түрме әкімшілігінің қызметкерлерінен үкімнің көшірмесін алуға тырысты. Оның анасына үкімнің көшірмесін беруден бас тартылды, нәтижесінде автор шағымдану құқығын жүзеге асыра алмады. 2012 жылдың қазан айында Шарипов әскери қызметке шақыру қағазымен шақырылды [45]. Ол әскери комиссариат қызметкерлеріне Иегованың куәгері болғандықтан, оның діни сенімдері оған әскери қызмет атқаруға мүмкіндік бермейтінін ауызша және жазбаша түрде түсіндірді. 2012 жылдың 25 желтоқсанында Дашогуз қалалық соты оны Қылмыстық Кодекстің 219-бабының 1-бөлігіне (әскери қызметке шақырудан жалтару) сәйкес кінәлі деп тауып, бір жылға бас бостандығынан айырды. Ол үкімнің көшірмесін алды және дереу уақытша ұстау изоляторына орналастырылды, сол жерде ол түрмеге ауыстырылғанға дейін он күн үнемі діни сенімдері үшін ұрып-соғып, қорланды. Ол түрме әкімшілігінің тарапынан одан әрі физикалық зорлық-зомбылықты қорқып, ұрып-соғуына байланысты түрме әкімшілігіне немесе басқа мемлекеттік органдарға шағым түсірген жоқ. 2013 жылғы 17 қаңтарда Дашогуз облыстық соты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы бойынша шағымданғысы келген Шариповтың апелляциялық

RETRACTED ARTICLE

шағымын қабылдамады [47]. 2004 жылдың 17 желтоқсанында Субханов Қылмыстық Кодекстің 219-бабының 1-бөлігі бойынша, әскери қызметке шақырудан жалтарғаны үшін сотталды, және бір жыл алты айға бас бостандығынан айырылды. Төрт айдан кейін ол Президенттің кешірім туралы Жарлығымен босатылды, бірақ 2012 жылдың 13 желтоқсанында қайтадан әскери қызметке шақырылды [47]. Субханов әскери комиссариат қызметкерлеріне Иегованың куәгері болғандықтан, оның діни сенімдері оған әскери қызмет атқаруға мүмкіндік бермейтінін хабарлады [47]. 2013 жылғы 13 наурызда Дашогуз қалалық соты оны Қылмыстық Кодекстің 219-бабының 1-бөлігіне сәйкес кінәлі деп тауып, бір жылға бас бостандығынан айырды. Ол үкімнің көшірмесін алып, дереу ұсталды. Қамауда ұстау кезінде ол діни сенімдері үшін ұрып-соғып, қорланды. Ол түрме әкімшілігінің тарапынан одан әрі физикалық зорлық-зомбылықты қорқып, ұрып-соғуына байланысты түрме әкімшілігіне немесе басқа мемлекеттік органдарға шағым түсірген жоқ. 2013 жылғы 17 қаңтарда Дашогуз облыстық соты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы бойынша шағымданғысы келген Шариповтың апелляциялық шағымын қабылдамады [45]. 2004 жылдың 17 желтоқсанында Субханов Қылмыстық Кодекстің 219-бабының 1-бөлігі бойынша, әскери қызметке шақырудан жалтарғаны үшін сотталды, және бір жыл алты айға бас бостандығынан айырылды. Төрт айдан кейін ол Президенттің кешірім туралы Жарлығымен босатылды, бірақ 2012 жылдың 13 желтоқсанында қайтадан әскери қызметке шақырылды [45]. Субханов әскери комиссариат қызметкерлеріне Иегованың куәгері болғандықтан, оның діни сенімдері оған әскери қызмет атқаруға мүмкіндік бермейтінін хабарлады [45]. 2013 жылғы 13 наурызда Дашогуз қалалық соты оны Қылмыстық Кодекстің 219-бабының 1-бөлігіне сәйкес кінәлі деп тауып, бір жылға бас бостандығынан айырды. Ол үкімнің көшірмесін алып, дереу ұсталды. Қамауда ұстау кезінде ол діни сенімдері үшін ұрып-соғып, қорланған. Түрме әкімшілігінен одан әрі физикалық зорлық-зомбылықты қорқып, ұрып-соғуына байланысты түрме әкімшілігіне немесе басқа мемлекеттік органдарға шағым түсірген жоқ. Үкім шығарылған күні Субханов Дашогуз облыстық сотына шағым түсірді, ол қалалық соттың қарауына жіберілді [45]. Авторлар олардың Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 7-бабы, 14-бабының 7 тармағы, 18-бабының 1 тармағы бойынша азаптау және басқа қатыгездік пен жазалауға ұшырамау, екінші рет сотталмау немесе жазаланбау, ар-ождан және дін бостандығына құқықтарының бұзылуына байланысты шағым жіберді [45]. Түрікменстан авторлардың Қылмыстық кодекстің 219-бабының 1-бөлігіне сәйкес айып тағылғандығын, және түрмеде ұсталғандығын мәлімдеді [45]. Комитет өзінің шешімінде авторлардың тек олардың Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18-бабының 1 тармағы бойынша құқықтары бұзылғанын атап өтті [45]. Комитет өзінің бұрынғы шешімдеріне сәйкес, Пактіде ар-ожданға байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығы туралы тікелей айтылмаса да, бұл құқық 18-баптан туындайды. Себебі, өлімге әкелетін қаруды қолдану міндеттемесі ой, ар-ождан және дін бостандығына айтарлықтай қайшы келуі мүмкін [47]. Ар-ожданға байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығы ой, ар-ождан және дін бостандығы құқығының ажырамас бөлігі болып табылады. Егер мұндай қызмет тұлғаның дініне немесе нанымына, сондай-ақ оларды ұстану құқығына сәйкес келмесе, ол кез келген адамды міндетті әскери қызметті өткеруден босатуды

RETRACTED ARTICLE

көздейді. Мемлекет егер қаласа әскери қызметтен бас тартқан адамды әскери саладан тыс және әскери қолбасшылыққа жатпайтын балама азаматтық қызметті атқаруға міндеттей алады. Осыған байланысты БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Комитет Түрікменстанды, атап айтқанда, авторлардың соттылықтарын алып тастап, оларға тиісті өтемақы беру үшін тиісті шаралар қабылдауға және болашақта мұндай бұзушылықтарды алдын алу үшін барлық қажетті шараларды (мысалы, азаматтық қызмет туралы арнаулы заң қабылдау) қабылдауға міндеттеді. Осы орайда, Иегова куәгерлерінің әскери қызметтен жалтару жалтару бойынша айыптау және жазалау Тәжікстан Республикасында да жиі орын алатын мәселе болып табылатынын атап өту керек. Екі мемлекеттің әскери қызмет туралы заңдарында балама азаматтық қызмет қарастырылғанымен, азаматтық қызметті реттейтін арнаулы заң қабылданбағанына байланысты, тәжірибеде азаматтық қызметті жүзеге асыруда қиындықтар тудырады.

Аталған кейстерді зерттеуден бөлек, Орталық Азия мемлекеттеріндегі азаматтық және саяси құқықтардың бұзылу мәселесін ашу мақсатында, Орталық Азиядағы адам құқықтары бойынша зерттеу жүргізетін ғылыми әдебиеттерді зерделеу маңызды болып табылады.

«SpringerBriefs in Political Science» кітаптар сериясындағы С. Саяпинның «Human Rights in Central Asia: Challenges and Perspectives» атты ғылыми мақаласында, автор Орталық Азиядағы адам құқықтары мәселелеріне талдау жасады [48]. Қырғыз Республикасының 2021 жылдың Конституциясы аталынып кетті. Мақалада Конституцияда сөз бостандығы құқығына шектеулер қойылғаны атап өтілді.

Қырғыз Республикасының Конституциясының 10-бабына сәйкес, «1. БАҚ-тың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан ақпарат алу, оларды тарату, пікір білдіру бостандығы құқығына кепілдік беріледі; 2. Қырғыз Республикасында цензураға жол берілмейді. БАҚ еркін және өз қызметін заңға сәйкес жүзеге асырады; 4. Өскелең ұрпақты қорғау мақсатында, Қырғыз Республикасы халқының моральдық және адамгершілік құндылықтарына, қоғамдық санасына қайшы келетін іс-шаралар заңмен шектелуі мүмкін; 5. Шектелуге жататын іс-шаралардың тізбесі және қол жеткізу мен таратуда шектелетін ақпараттың тізбесі заңмен белгіленеді» [49]. Шынымен де, осы орайда, Конституцияның 10-бабының 4 тармағы адам құқықтары мен бостандықтарына (сөз бостандығы) елеулі қауіп төндіретінін атап ету қажет. Аталған норма екіұшты болып келеді, және бұл өз кезегінде ерікті түсіндірулерге, және кейін, азаматтық құқықтардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Атап айтқанда, құқықтық категорияларда «моральдық және адамгершілік құндылықтар», «халықтың қоғамдық санасы» ұғымдарын анықтау мүмкін емес. Яғни, аталып кеткен 4 тармақтың тұжырымдамасында «халықтың моральдық және адамгершілік құндылықтарына, қоғамдық санасына қайшы келетін іс-шараларға» нақты қандай шаралар жататынын анықтамағандықтан, цензураның пайда болуына әкеле алады. 5 тармақ бойынша, заң шығарушыға тыйым салынған іс-шаралардың тізімін белгілеу құқығын бере отырып, мемлекетке цензура енгізіледі. Осы орайда, аталған норманы өзге Орталық Азия мемлекеттерімен салыстыратын болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, «Қазақстан Республикасында сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі, цензураға тыйым салынады және

RETRACTED ARTICLE

әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар; тек мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді таратуға тыйым салынады» [50]. Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес, «БАҚ еркін және заңға сәйкес әрекет етеді, мемлекет БАҚ қызметінің еркіндігіне, олардың ақпаратты іздеу, алу, пайдалану және тарату құқығын іске асыруына кепілдік береді; цензураға жол берілмейді» [51]. Тәжікстан Республикасының Конституциясы бойынша, «барлығына сөз, баспасөз бостандығы, ақпарат құралдарын пайдалану құқығы кепілдендірілген және мемлекеттік цензура мен сын үшін қудалауға тыйым салынады, тек мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді таратуға тыйым салынады» [52]. Түрікменстан Конституциясына сәйкес, «әр адамға ой мен сөз бостандығына кепілдік беріледі; мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қоспағанда, әрбір адамның заңда тыйым салынбаған тәсілмен ақпаратты еркін іздеуге, алуға және таратуға құқығы бар» [53]. Өзге Орталық Азия мемлекеттерінде жалпы барлық тұлғалардың сөз бостандығы қарастырылғанын байқауға болады.

Келесі маңызды мәселе – азаптау мәселесі болып табылады. Осы орайда, Орталық Азия мемлекеттерінің көбісі, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы 2002 жылғы 18 желтоқсандағы «Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы» ратификациялап, өз мемлекеттерінде азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын жазалау түрлерінің алдын алу мақсатында, Азаптаулардың алдын алудың ұлттық алдын алу тетігін (бұдан әрі – ҰАТ) құрды [54]. Тәжікстан Республикасы және Түрікменстан аталған хаттаманы әзірше ратификацияламаған.

Тәжікстан Республикасының БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарында: БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті (2005, 2013, 2019 жж.) және БҰҰ-ның азаптауға қарсы комитеті (2006, 2012, 2018 жж.), БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Әмбебап мерзімді шолу шеңберінде баяндамаларын қарау барысында (2011, 2016 2021 жж.), сондай-ақ азаптау және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаның басқа түрлері бойынша арнайы баяндамашының Хуан Мендез мырзаның сапары аясында, хаттамаға қосылу және ҰАТ құру мәселелері көтерілді. Тәжікстан Республикасы шарттық органдардың, Адам құқықтары жөніндегі кеңестің және арнайы баяндамашының ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында хаттамаға қосылу мәселелерін зерделеуге міндеттенді. Қазіргі уақытта хаттаманы іске асыру тетігін зерделеу мақсатында, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Тәжікстан Республикасының Парламенті, Тәжікстан Республикасы Президентінің атқарушы аппараты, Тәжікстан Республикасының Бас Прокуратурасы, Тәжікстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігі, Тәжікстан Республикасының сот органдары, Тәжікстан Республикасының Әділет министрлігі, Тәжікстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығының республикалық орталығы» мемлекеттік мекеме өкілдері, сондай-ақ академиялық топтар мен азаматтық қоғам өкілдері қатарынан жұмыс тобы құрылды [55]. Түрікменстанда 2023 жылғы 14 желтоқсанда БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы және Түрікменстан омбудсменінің

RETRACTED ARTICLE

аппаратымен «Бас бостандығынан айырылған әйелдерге ерекше назар аудара отырып, азаптаулар мен басқа да қатыгездік пен жазалаудың алдын алу жөніндегі ұлттық алдын алу тетігін (ҰАТ) құру тәжірибесін зерделеу» атты семинар өткізілді [56].

Хаттамаға сәйкес ҰАТ жедел тәуелсіздікке ие, яғни ол министрлік, атқарушы орган, президент немесе премьер-министр секілді атқарушы биліктің институционалдық бақылауына жатпайды [57]. Заң атқарушы билік органдарының ҰАТ қызметіне және оның өз мандатын орындауына араласпауын (мысалы, олардың қызметкерлеріне нұсқаулар бермеуін, олардың мандатына өзгерістер енгізбеуін және т.б.) тікелей көздеуі тиіс [57]. Сонымен қатар, тиісті заңнама кез келген тұлғаның ҰАТ-қа хабарлағаны үшін, ешбір органның кез келген санкцияларды тағайындай алмайтындығына, қолдана алмайтындығына, рұқсат ете алмайтындығына кепілдік беруге тиіс [57]. Сонымен қатар ҰАТ, мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірлеу, заңнамалық ұсыныстарды ұсыну, ұстауға қатысты ережелерді ұсыну бойынша консультациялық функцияны орындайды және ағартушылық функцияны атқарады (оқыту бағдарламаларына қатысу, мектептер, университеттер және кәсіби топтар үшін оқу және ағарту бағдарламаларын әзірлеу, азаптауға тыйым салуға қатысты материалдар мен ақпаратты құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, азаматтық, әскери және медициналық персоналды, мемлекеттік қызметшілерді және басқа да адамдарды даярлау бағдарламаларына енгізуге жәрдемдесу мақсатында, оқу орындарының бағдарламаларын талдау)[58]. Осылайша, ҰАТ көптеген функцияларды атқаратын, тәуелсіз, азаптауды және басқа да қатыгездік пен жазалау түрлерін алдын алудың эффективті тетігі екендігін айғаруға болады.

